



ЗЕРДЕЛІ ЗЕРЕНДІ

● 2012 жылдан бастап шығады

● Жұма, 15 мамыр, 2026 жыл №19 (691)

ПРЕЗИДЕНТ

Президент орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектті ендіру туралы Жарлыққа қол қойды

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектті ендіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

Жарлықтың негізгі мақсаты – жасанды интеллект жедел дамып келе жатқан кезеңде Қазақстан Республикасының өркендеуін қамтамасыз етіп, адами капиталды ілгерілетуге үлес қосатын заманауи, инновациялық білім беру жүйесін қалыптастыруға жағдай жасау.

Жарлыққа сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі 2026 жылдың 1 шілдесіне дейін дербес оқыту тетігін, цифрлық инфрақұрылымды, педагог кадрлар даярлауды, білім алушылардың жеке мәліметтерін қорғауды көздейтін Орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектті енгізудің 2026-2029 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспарын бекітеді.

Жарлықта Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңестің мүшесі Ли Кай-Фудің ұсынымдарын жұмыс барысында қолдану қарастырылған. Үкімет қала мен ауыл мектептері арасында білім беру сапасының алшақтығын қысқарту мақсатында 2026 жылдың 1 маусымына дейін орта білім беру саласындағы пилоттық жобаны іске асыру, оны одан әрі кеңінен тарату жөнінде нақты ұсыныстар енгізуге тиіс.

2026 жылдың 1 тамызына дейін пилоттық жобаны іске асыру аясында мектептер техникалық тұрғыдан жарақтандырылады, соның ішінде тұрақты, жылдамдығы жоғары интернетпен қамтамасыз етіледі.

2026 жылдың 1 қыркүйегіне дейін орта білім беру жүйесінде жасанды интеллектті қолдану стандарттары бекітіледі.

Сондай-ақ 2026 жылдың 1 қыркүйегіне дейін педагогтардың кәсіби тұрғыдан үздіксіз дамуын көздей отырып, олардың қызметіне нұқсан келтіретін әрі алмастырмай жасанды интеллект технологияларын білім беру процесінде қосымша тиімді құрал ретінде пайдалануды қамтамасыз ететін шаралар жоспары қабылданады.

ortcom.kz

ҮКІМЕТ

Биыл егіс алқаптарының жалпы аумағы 23,8 млн гектардан асады

Әртараптандыру қағидаттарын енгізу және жоғары сұранысқа ие дақылдарға баса ден қою ішкі нарықты әлеуметтік маңызы бар тауарлармен қамтамасыз етуге және бағаның ауытқу тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік береді. Үкімет отырысында көктемгі дала жұмыстарының барысы туралы ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов баяндады, деп хабарлайды UKIMET телеграм арансы.

Оның айтуынша, биыл егіс алқаптарының жалпы аумағы 23,8 млн гектарды құрайды, бұл өткен жылдың көлемінен 180 мың гектарға артық. Майлы дақылдар алқабы 4 млн гектардан, жемшөп дақылдары алқабы 3,3 млн гектардан асады. Қайта өңдеу жобаларын шикізатпен қамтамасыз ету мақсатында жүгері алқабы 265 мың гектарға дейін кеңейтілді, ал ұйымдасқан шаруашылықтарда картоп отырғызу 10 мың гектарға ұлғаяды.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әртараптандыру жұмыстары жалғасуда. Осы жылы бидай алқабы 125 мың гектарға қысқарып, 12,1 млн гектарды құрайды, сондай-ақ су ресурстарын үнемдеу мақсатында күріш алқаптары 20,2 мың гектарға оңтайландырылды, бұл ретте тамшылатып суаруға арналған мақта алқаптары 29,8 мың гектарға ұлғаяды. Егістіктердің бекітілген құрылымы егіннің қажетті көлемін алуға және сыртқы сұраныс конъюнктурасын ескеруге мүмкіндік береді», – деп атап өтті вице-министр.

ortcom.kz

ПАРЛАМЕНТ

Сенаторлар еңбек заңнамасы мен әлеуметтік саланы жетілдіруге қатысты заңдарға енгізілетін түзетулерді қарады

Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің кеңейтілген отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым, ғылымды қажетсінетін аумақтар, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, денсаулық сақтау және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар қаралды.

Талқылауға мемлекеттік органдардың, сарапшылар қауымдастығының, жұмыс берушілер бірлестіктері мен кәсіподақтардың өкілдері, оның ішінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Денсаулық сақтау министрліктері, «Атамекен» ҰКП және Қазақстан кәсіподақтар федерациясының өкілдері қатысты.

Сенаторлар заңды талқылау барысында ғылым мен ғылымды қажетсінетін аумақтарды дамытуға, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, денсаулық сақтау және әскери қызмет жүйелерін жетілдіруге қатысты нормаларды қарады. Отырыста қаралған екінші заң еңбек заңнамасын одан әрі жетілдіруге, қызметкерлердің құқықтарын қорғау кепілдіктерін күшейтуге, әлеуметтік әріптестікті дамытуға, еңбек қауіпсіздігі стандарттарын арттыруға, сондай-ақ еңбек қатынастары саласындағы жекелеген рәсімдерді нақтылауға бағытталған өзгерістерді көздейді. Сенатор Руслан Рүстемов атап өткендей, ұсынылып отырған өзгерістер қызметкерлердің қорғалу деңгейін арттыруға және еңбек қатынастарын реттеудің заманауи әрі ашық тетіктерін қалыптастыруға бағытталған.

senate.parlam.kz

Жеңістің жаңғырығы

Құрмет көрсетілді

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне арналған мерекелік шара таңертемен концерттік бағдарламамен бастау алды. Зерендінің әсем безендірілген орталық алаңына жиналған жерлестерінің алдында халықтық өнер ұжымдары соғыс жылдарындағы әндерді орындады.

Бағдарлама жүргізушілерінің: «Жеңіс күні – жүрегімізді мақтанш пен ризашылыққа белейтін, батылдықтың, батырлықтың және мейірімділіктің мерекесі, бізге, балаларымызға, немерелерімізге болашақ сыйлаған сәт! Баршаңызды осы мерекемен құттықтаймыз, құрметті Зеренді ауданының тұрғындары, Ұлы Жеңіс күні құтты болсын! Зеренді аудандық қорғаныс бөлімінің мәліметтері бойынша, Ұлы Отан соғысы жылдары біздің өңірден 5863 адам Кеңес Армиясына шақырылған. Олардың 2267-сі майдан даласында қаза тапса, 1075-і хабаршарсыз кеткен, 2523-і елге оралған. Жеңіс күні-жалпыұлттық мереке. Адамзат жады алдында да, жүрек жады алдында да уақыт дәрменсіз. Ал Ұлы Отан соғысы жылдарын біз, жеңімпаздардың ұрпақтары, ешқашан ұмытпауымыз қажет. Құрметті жерлестер! Гүл шоқтарын қою рәсімін және Ұлы Отан соғысы жауынгерлерінің ескерткішіне мерекелік



Отан соғысындағы жеңіс миллиондаған адамдардың, тыл еңбеккерлерінің – Отанын қорғауға көтерілген бүкіл халықтың ерлігінің арқасында келді» деген сөздерінен соң, Зеренді ауданының әкімі Әсет Құрманғожин митингке қатысушыларды құттықтап, келесі сөздер мен ізгі тілектерін жеткізді:

«Құрметті ардагерлер, тыл еңбеккерлері, жерлестер!

Бүгін, Ұлы Жеңістің 81 жылдығында, біз жеңімпаз ұрпақтың ерлігін терең құрметпен және ризашылықпен еске аламыз. Бұл күні біз еліміздің та-

болып қала бермек.

1941 жылдан 1945 жылға дейін бүкіл әлемді шарпыған Ұлы Отан соғысы қазақ халқының тарихында терең із қалдырды. Сол сұрапыл жылдары миллионнан астам қазақстандық өз Отанын қорғауға аттанды. Біздің өңірден 6000-ға жуық адам әскерге шақырылды. Өкінішке орай, олардың жартысы болашақ ұрпақтың бейбітшілігі мен бостандығы жолында жанын пид етті.

Біз тыл еңбеккерлеріне ерекше алғысымызды білдіреміз. Олардың жанқиярлық еңбегі майдан үшін сенімді тірек және

білеміз.

Баршаңызды тағы да осы ұлы мерекемен құттықтаймын! Біз еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін қаза тапқан жауынгерлерді ешқашан ұмытпаймыз.

Ары қарай сөз кезегін алған Зеренді ауданының қорғаныс бөлімінің бастығы, подполковник Қазбек Көлпенов қатысушыларды осы маңызды күнмен құттықтап, тілегін келесіше білдірді.

«Құрметті еңбек ардагерлері, тыл еңбеккерлері, аудан тұрғындары және қонақтары! Бүгін, осы қасиетті күні біз жеңімпаздардың ерлік істеріне бас иіп, аға буын өкілдеріне шын жүректен шыққан алғысымызды білдіреміз.

9 мамыр – батылдықтың, табандылықтың және Отанға деген жанқиярлық сүйіспеншіліктің нышаны. Майдангерлердің ерлігі мен тыл еңбеккерлерінің жанқиярлық еңбегінің арқасында біз бейбіт аспан астында өмір сүрудеміз.

Біздің басты міндетіміз – бостандық пен тәуелсіздік жолында өмірлерін қиған жауынгерлерімізді ұдайы еске алу және жас ұрпаққа ардагерлеріміздің ұлы ерлігі туралы шындықты жеткізу.

Баршаңызға мықты денсаулық, бейбітшілік және бақ-береке тілеймін!

Митингтен кейін қатысушылар Ұлы Отан соғысында қаза тапқан және бейбіт уақытта жарақаттардан қайтыс болған жерлестерін метроном дыбысымен минуттық үнсіздікпен естеріне алды.

Зеренді аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері автоматты қарудан аспанға үш мәрте оқ атты.

Ескерткіше гүл шоқтарын қою рәсімі, Мәдениет үйі өнерпаздарының және аудан орталығы мектептері оқушыларының орындауларындағы соғыс жылдарындағы әндерді орындауларымен қатар жалғасты.

Қайрат ҚАЗИЯҚПАРОВ.



шеруді бастаймыз, – деген сөздерінен кейін Зеренді ауданының әкімі Әсет Құрманғожин және Зеренді ауданының Ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбек Бекішев Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің ескерткішіне, Зеренді аудандық мәслихатының төрағасы Райхан Ғабдуллина және Зеренді ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, подполковник Қазбек Көлпенов интернационалист жауынгерлердің ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Мерекелік шараның жалғасында алғашқы қатарда ту ұстаушылар, арғы лекте қолдарына гүл шоқтары мен себеттер ұстаған аудан кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің, қоғамдық ұйымдардың ұжымдары және Зерендінің тұрғындары мен қонақтары сап түзеп, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан және бейбіт өмірде қайтыс болған жауынгерлердің құрметіне қойылған ескерткішке жылжыды.

Бағдарлама жүргізушілерінің: «Құрметті зеренділіктер! Осындай 81 жыл бұрын адамзат тарихындағы ең қасиетті соғыс аяқталды. Ұлы

рихында өшпес із қалдырған батырларымыз Бауыржан Момышұлын, Әлия Молдағұлова-ны, Мәншүк Мәметованы және басқаларды мақтаншыпен есімізге аламыз.

Сіздер бізге ең қымбат құндылық – бейбіт өмір сыйлап, жұмыс істеуге, бала тәрбиелеуге және болашаққа сеніммен қарауға мүмкіндік бердіңіздер. Сіздердің батылдықтың, қайсарлықтарыңыз бен ерліктеріңіз келесі ұрпақтар үшін шынайы патриотизмнің үлгісі

Ұлы Жеңістің маңызды бөлігіне айналды.

Бүгін біз қаза тапқан батырларды басымызды иіп еске аламыз, қатардағы ардагерлерге терең құрметімізді білдіреміз.

Сіздер біздің мақтанышымызсыздар және болашақ ұрпақтар үлгі тұтар тұлғасыздар.

Биыл біз мемориалдық ескерткіште ауқымды жаңғырту жұмыстарын аяқтадық. Біз мұны аға буынның ерлік істеріне деген терең құрметтің белгісі деп

